





## 1 АЛҒАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТУ



Алғашқы көмек көрсету кезінде барлық манипуляцияларды медициналық қолғаппен орындаңыз. Инфекциялық аурулардың таралу қаупі болған жағдайда медициналық масканы пайдаланыңыз.



## 2 АРТЕРИЯЛЫҚ ҚАН КЕТУ



Ірі (магистральдық) артерия тамырынан артериялық қан кеткен кезде, тамырды қысу нүктелерінде саусақтарыңызбен қысыңыз, жарақаттан жоғары жерге қан тоқтататын бұрау салыңыз.

Жазбада бұраудың салынған уақытын көрсетіңіз. Жараға қысатын (тығыз) таңғыш салыңыз.


## 3 ЖАСАНДЫ ТЫНЫС АЛУ



Егер зардап шегуші тыныс алмаса, жасанды тыныс алдыруды жүргізіңіз.

«Ауыз – Құрылғы – Ауыз» жасанды тыныс алу құрылғысын немесе «Ауыз – маска» қалта маскасын пайдаланыңыз.


## 4 ЖАРАНЫ ТАҢУ



Жара болған жағдайда қысатын (тығыз) таңғышты салыңыз. Стерильді майлықтарды және бинттерді немесе стерильді таңғыш пакетін пайдаланыңыз.


Егер жарадан қан ақпаса және қысатын таңғышты салу мүмкін болмаса, стерильді майлықты салыңыз және оны лейкопластырьмен бекітіңіз. Микрожарақаттар болған жағдайда бактерицидті лейкопластырьды қолданыңыз.

## 5 ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРДІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ СҰЙЫҚТЫҚТАРЫНЫҢ ТЕРІГЕ ЖӘНЕ ШЫРЫШТЫ ҚАБАТТАРҒА ТҮСУІ



Егер зардап шегушінің биологиялық сұйықтықтары тері мен шырышты қабыққа түссе, антисептикалық стерильді спиртті майлықтарды пайдаланыңыз.

## 6 ҮСУДЕН ҚОРҒАУ



Салқындаудан қорғау үшін изотермиялық құтқару жамылғысын күміс жағымен денеге жабыңыз.

Қызудан қорғау үшін алтын жағымен денеге жабыңыз.

Бетті ашық қалдырып, жамылғының ұшын қайырып бекітіңіз.